

DOI 10.37800/RM2020-1-32

MPHTI 76.01.39

ҚАЗАҚСТАНДА АНА СҮТІМЕН СӘТТІ ЕМІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ҰСТАНЫМДАРЫН ЕНГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

Э.А. Курмангалиева, Д.Д. Мирзахметова, А.Б. Чуенбекова

Акушерлік, гинекология және перинатология Ғылыми Орталығы
BalaJan Қоғамдық қоры
«С.Д.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті» АҚ
Қазақстан, Алматы

АНДАТПА

Мақалада Қазақстанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының ана сүтімен сәтті емізудің заманауи 10 ұстанымын/қадамын практикаға енгізу деңгейі туралы мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: ана сүті, ана сүтімен емізу, сәтті емізудің 10 ұстанымы, «Балаға ізгі ниетті аурухана».

Ана сүтімен емізу адамзаттың биологиялық эволюция барысында қалыптасқан қоректенудің жалғыз түрі болып табылады, сондықтан да ол жаңа туылған нәрестелер мен емізулі жастағы сәбилердің физиологиялық тұрғыда жалғыз да адекватты тамақтануына жатады.

Ана сүті әсіресе, нәресте өмірінің алғашқы айларында және одан әрі екі жасына дейін теңдесі жоқ қорек көзі болып табылады, себебі асқорыту ферменттерінің толық жетілмеуіне байланысты сәби басқа тағамды қабылдауға дайын емес. Ал ана сүті бала ағзасындағы асқорыту мен заттек алмасу ерекшеліктеріне толығымен сәйкес келеді. Одан басқа ана сүті мен оған дейін бөлінетін уыз жаңа туған нәрестенің жатырдан тыс өмірінің жаңа жағдайларына бейімделуіне септігін тигізеді [1,2]. Ана сүтінің құрамы өте күрделі және сапасы мен сіңімділігі теңдесіз қоректік заттектердің болуымен ғана емес, сонымен қатар реттеуші және ақпараттық тасымалдаушылардың кең кешенімен, атап айтқанда - гормондардың, биологиялық белсенді заттектердің, иммунологиялық реттеу мен толеранттылық факторларының болуымен ерекшеленеді [3,4].

ДДҰ сарапшыларының зерттеулеріне сәйкес, нәресте өмірге келген сәттен бастап ана сүтімен ғана қоректенетін болса, онда жыл сайын 1,5 млн жуық баланың өмірін сақтап қалуға болады. Өмірін сақтап қана қоймай, олардың денсаулығын нығайтады, себебі ана сүті нәрестенің қорекке деген қажеттілігін ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге қорғаныстық сипаттағы және даму мен талдамалы басқаруды реттеудегі кең ауқымды қызметтерді атқарады.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (ДДҰ, 2014) мәліметтері бойынша әлемде 3 млн жуық нәресте 4 апталық мерзіміне жетпей шетінеп кетеді. Осы көрсеткіштің көп мөлшері нәресте өмірінің алғашқы күндеріне сәйкес келеді. Тірі қалған нәрестелерде дамуы мүмкін ауыр асқинулар мен ерте өлім жағдайларын ғылыми дәлелдемелерге негізделген қарапайым технологиялардың көмегімен барынша қысқартуға болады.

Миллиондаған балалардың өмірін сақтауға бағытталған бағдарламаларды құрастыру кезінде олардың негізін құраушы ана сүтімен емізу болу керек екендігі айдан анық. Осыған байланысты Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы (ДДҰ) мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (БҰҰ БК) 1989 жылы «Ана сүтімен емізу тәжірибесін қорғау, ынталандыру және қолдау. Босандыру қызметтерінің ерекше ролі» атты Біріккен декларацияны құрастырды. Бұл декларацияда ана сүтімен сәтті емізудің 10 ұстанымы құрастырылып, медициналық ұйымдарға арналған ұсыныстар жиынтығы берілді [5]. Аталған ұсыныстарды денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізу ана мен баланың денсаулығын қамтамасыз етеді.

1990 жылы «Ана сүтімен емізу тәжірибесін қорғау, ықпал ету және қолдау туралы» Инноченти (кейбір аудармада - Инносенти) Декларациясы құрастырылып, қабылданды. Декларация барлық мемлекеттердің үкіметтеріне тәжірибеге «ана сүтімен сәтті емізудің 10 ұстанымы» мен «Ана сүтін алмастырушыларды тарату бойынша Халықаралық ережелерді» енгізу үшін нақты шараларды қабылдауға, ана сүтімен емізу тәжірибесінің таралуы және сәбилердің аурушандығы мен өлім-жітімін төмендету бойынша нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін ана сүтімен емізу саясатын жалпы даму мен денсаулық сақтау жоспарларына интеграциялауға шақырады [6].

Қазақстанда 1997 жылдан бастап ана сүтімен емізуді қорғау, ынталандыру және қолдау бойынша мемлекеттік саясат жүргізіледі. Ана сүтімен емізуді бастау мерзіміне қатысты жетістіктерге жетуге ықпал етті. Егер 1999 жылы жаңа туғандардың тек 27% ғана туылғаннан кейін бірінші сағатта омырау алған болса және 66,1% өмірінің алғашқы күндері ана сүтімен қоректенген болса, ал Мультииндикаторлық кластерлік тексерудің (МИКТ, 2006) мәліметтері бойынша 2005 ж бұл көрсеткіштер сәйкесінше 64,2% және 87,8% дейін көтерілді [7]. Одан басқа зерттеуде (тәуелсіз медициналық-демографиялық зерттеудің мәліметтері) ана сүтімен емізу бағдарламасын

тек босандыруға жәрдем беретін ұйымдардың тәжірибесіне енгізу 1999 жылы сәбилер өлім-жітімін 60,2% 2005 жылы 31,8% дейін (2 есеге дейін!) азайтуға ықпал еткенін көрсетті.

Дегенмен, босандыру ұйымдарының деңгейінде ана сүтімен ғана емізуді қолдауды жақсарту амбулаторлық-емханалық қызметте қолданыс таппады. Бұл жайт БҰҰБҚ жүргізілген «Барлық көрсеткіштер бойынша кластерлік тексеру, 2015» мәліметтерімен дәлелденеді, зерттеу барысында Қазақстанда ана сүтін ғана еметін нәрестелердің үлесі бар-жоғы - 37,8%, ал 1 жасқа дейін ана сүтін ему ұзақтығы – 59,8% және 2 жасқа дейін – 21,1% құрайтыны анықталды [8]. Яғни балалардың денсаулығын қамтамасыз етуде ана сүтімен емізудің маңыздылығын толық түсінбейді.

1991 жылы ДДСҰ және БҰҰ БҚ «Балаға ізгі ниетті аурухана» Бастамасын қабылдады [9]. Бұл бастама әйелдердің емізу құқықтарын қолдауға және перзентханаларда сүт қоспаларының тегін немесе төмен бағамен таратылуын тоқтатуға бағытталған. Бастамада көптеген перзентханаларда қалыптасқан тәжірибе (емізуді кеш бастау, ана мен сәбиін бөлек орналастыру, жасанды қоректендіруді ынталандыру) ана сүтімен емізуден алшақтап кетуге едәуір ықпал ететіндігі айтылған.

Ауруханаларда ана сүтімен емізуге оңтайлы жағдай жасау және ана сүтімен ғана емізу тәжірибесіне септігін тигізу жөнінде Бастама аясында қазіргі уақытта 171 мемлекетте 16000 ауруханада жүзеге асырылуда. Малайзия, Намибия, Оман және Швецияның босандыратын барлық мекемелері Бастама талаптарына сай болуымен ерекшеленеді.

Айтылғандарды ескере отырып, Қазақстанда ДДСҰ мен БҰҰ БҚ ұсыныстарына сәйкес 1997 жылдың 25 маусымында ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің №113 «Қазақстанда ана сүтімен емізуді қорғау, ынталандыру және қолдау туралы» бұйрығы жарық көрді. Бұйрыққа сәйкес ана сүтімен емізу бойынша Ұлттық саясат әрекетке енгізіліп, Жұмысшы топ ұйымдастырылды. Бұйрықтың негізінде ДДСҰ және БҰҰ БҚ ұсыныстарына сай ана сүтімен сәтті емізудің 10 ұстанымы/қадамы тәжірибеге енгізілді. 1998 жылы Қазақстанда алғаш рет босандыруға септігін тигізетін 4 медициналық ұйым (Акушерлік, гинекология және перинатология Ғылыми Орталығы және Перинаталдыорталық (№3 перзентхана) Алматы қ., Қызылорда облысы – Арал, Қазалы қ., Орталық аудандық ауруханасы) «Балаға ізгі ниетті аурухана» (БИНА) халықаралық дәрежесінің өлшемдеріне сәйкес келетіндігін растап, сертификатталған.

Қазіргі таңда осы Бастаманы Қазақстан төңірегінде «BalaJan» медициналық қызметкерлер Одағы» Қоғамдық қоры ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің қолдауымен жүзеге асыруда. Республика бойынша 29 медициналық ұйымның (МҰ) «Балаға ізгі ниетті аурухана» статусы бар, ол барлық босандыруға септігін тигізетін медициналық ұйымның небәрі 11,7% құрайды. Дегенмен, Бастама мақсаттарының жүзеге асырылуында мамандар дайындау мен біліктілікті арттыру маңызды орынды алады. ДДСҰ және БҰҰ БҚ әзірлеген оқыту бағдарламаларының көмегімен босануға септігін тигізетін мекемелердің медициналық қызметкерлері ана сүтімен емізуді қолдауға, емізетін аналардың арасында лактацияны қалыптастыру мен қолдауға қатысты іс-шараларды ұйымдастыру үшін оқыту курсынан біліктілігін жетілдіреді. Сонымен қатар республика деңгейінде алғаш рет медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) деңгейіндегі медициналық ұйымдар арасында «Балаға ізгі ниетті клиника» атағын алуға дайындық жүргізілуде. Қазіргі таңда республика бойынша 3 қала (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) және 8 облыс орталықтарында (Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Тараз, Қызылорда, Батыс Қазақстан) Ресурсты орталықтар ашылып, ана сүтімен емізуге кеңес бере алатын 176 тренер (108 сағат) және 385 (54 сағат) тыңдаушылар дайындалды. Жоспарда Алматы, Түркістан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары бар. Аталмыш облыстардан ұсынылған медициналық ұйымдар ДДСҰ және БҰҰ БҚ ұсынған ана сүтімен сәтті емізудің 10 қадамына сәйкестігін дәлелдеу мақсатында Ұлттық сарапшылардың қатысуымен сертификация/ресертификация рәсімінен өткізіледі.

Ана мен бала денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған медициналық көмек көрсету сапасын одан әрі жақсарту, «Балаға ізгі ниетті аурухана» және «Балаға ізгі ниетті клиника» бағдарламасына оқыту, ішкі бағалау, мониторинг жүргізу, енгізуді талдау және қолдау, босандыруға септесетін және МСАК ұйымдарына көмек көрсету, сонымен қатар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 29 желтоқсанындағы №1027 «Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» және 2018 жылғы 16 сәуірдегі №173 «Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрықтары аясында ана сүтімен емізуді қорғау, қолдау және ынталандыру бойынша шараларды әрі қарай нығайту мен кеңейту қажеттілігін негіздейді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Riordan J. Breastfeeding and Human Lactation. Jones and Bartlett Publishers, 2004.
2. Ballard O, Morrow AL. MSc Human Milk Composition: Nutrients and Bioactive Factors. *Pediatr Clin North Am*, 2013, 60(1): 49-74
3. Кормление детей первого года жизни: физиологические основы: прил. к тому 67, 1989 Бюллетень Всемирн. орг. здравоохранения/под ред. Дж. Акре. - Женева: ВОЗ, 1991; 120 с
4. Grote V, Verduci E, Scaglioni S, Vecchi F, Contarini G, Giovannini M, Koletzko B, Agostoni C. Breast milk composition and infant nutrient intakes during the first 12 months of life. *European Childhood Obesity Project European Journal of Clinical Nutrition* advance online publication. 30 сентября 2015 г., 162 с.
5. Совместная декларация ВОЗ/ЮНИСЕФ «Охрана, поощрение и поддержка грудного вскармливания: особая роль родовспомогательных служб». ВОЗ/ЮНИСЕФ, Женева, 1989.
6. Декларация Инноченти "О защите, содействии и поддержке грудного вскармливания" Флоренция, Италия, 1 август 1990 г.
7. Мультииндикаторное кластерное обследование. 2006. ЮНИСЕФ, Заключительный доклад, Астана, 2007, 223 с.
8. Кластерное обследование по многим показателям в республике Казахстан, 2015», ЮНИСЕФ, Астана, 2016 г., 334 с.
9. Baby-friendly Hospital Initiative: revised, updated and expanded for integrated care. Geneva: World Health Organization and United Nations Children's Fund; 2009 (<http://apps.who.int/iris/handle/10665/43593>, accessed 7 March 2018).

REFERENCES

1. Riordan J. Breastfeeding and Human Lactation. Jones and Bartlett Publishers, 2004.
2. Ballard O, Morrow AL. MSc Human Milk Composition: Nutrients and Bioactive Factors. *Pediatr Clin North Am*, 2013, 60(1): 49-74
3. Kormlenie detey pervogo goda zhizni: fiziologicheskie osnovyi: pril. k tomu 67, 1989 Byulleten Vsemirn. org. zdavoohraneniya/ pod red. Dzh. Akre. - Zheneva: VOZ, 1991; 120 s
4. Grote V, Verduci E, Scaglioni S, Vecchi F, Contarini G, Giovannini M, Koletzko B, Agostoni C. Breast milk composition and infant nutrient intakes during the first 12 months of life. *European Childhood Obesity Project European Journal of Clinical Nutrition* advance online publication. 30 sentyabrya 2015 g., 162 s.
5. Sovmestnaya deklaratsiya VOZ/YuNISEF «Ohrana, pooschrenie i podderzhka grudnogo vskarmlivaniya: osobayarol rodovspomogatelnyih sluzhb». VOZ/YuNISEF, Zheneva, 1989.
6. Deklaratsiya Innocenti "O zaschite, sodeystvii i podderzhke grudnogo vskarmlivaniya" Florentsiya, Italiya, 1 avgust 1990 g.
7. Multiindikatornoe klasternoe obsledovanie. 2006. YuNISEF, Zaklyuchitelnyiy doklad, Astana, 2007, 223 s.
8. Klasternoe obsledovanie po mnogim pokazatelyam v respublike Kazahstan, 2015», YuNISEF, Astana, 2016 g., 334 s.
9. Baby-friendly Hospital Initiative: revised, updated and expanded for integrated care. Geneva: World Health Organization and United Nations Children's Fund; 2009 (<http://apps.who.int/iris/handle/10665/43593>, accessed 7 March 2018).

РЕЗЮМЕ

ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ПРИНЦИПОВ УСПЕШНОГО ГРУДНОГО ВСКАРМЛИВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Э.А. Курмангалиева, Д.Д. Мирзахметова, А.Б. Чуенбекова

Национальный центр акушерства, гинекологии и перинатологии
Общественный фонд BalaJan
АО «Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова»

Казахстан, Алматы

В статье представлены данные об уровне внедрения 10 современных принципов/шагов успешного грудного вскармливания, рекомендованных ВОЗ и ЮНИСЕФ в Казахстане.

Ключевые слова: грудное молоко, грудное вскармливание, 10 принципов успешного грудного вскармливания, «Больница, дружелюбного отношения к ребенку».

SUMMARY**EXPERIENCE IN IMPLEMENTING MODERN PRINCIPLES
OF SUCCESSFUL BREASTFEEDING IN KAZAKHSTAN****E.A.Kurmangalieva, D.D.Mirzakhmetova, A.B. Chuyenbekova**

National Center for Obstetrics, Gynecology and Perinatology
Public Foundation «BalaJan»
National Medical University named after S.D.Asfendiyarov

Kazakhstan, Almaty

The article provides information on the level of implementation of 10 modern principles/steps of successful breastfeeding in Kazakhstan by the World Health Organization and the United Nations Children's Fund.

Key words: *breast milk, breastfeeding, 10 principles of successful breastfeeding, Baby-friendly hospital*